

УДК 373.2

**МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДАҒЫ ПЕДАГОГТАРДЫҢ
ЭМОЦИОНАЛДЫ ЖАНУЫНЫҢ БЕЛГІЛЕРІ МЕН САЛДАРЫ**

Сәтжанова Гүлдара Балғабайқызы

guldara_satzhan@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ 7М01103 - "Педагогика және психология"

мамандығының 1-курс магистранты, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Г. Шолпанқұлова

Жоғары динамикамен, психологиялық күйзелістермен, стресстік жағдайлардың көптігімен сипатталатын қазіргі өмірдің ырғағы өткен ғасырларда болмаған жаңа ауруларды тудыруда.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымымен (ДДҰ) 2019 жылы аурулардың халықаралық жіктелісінің 11-ші қайта қаралған нұсқасына (ICD 11) кәсіби эмоционалды жану синдромы қосылды. Бұл синдром медициналық жағдай ретінде тіркелмесе де,

"халықтың денсаулық жағдайына және денсаулық сақтау мекемелеріне жүгінуіне әсер ететін факторлар" класына енгізілді. ДДҰ-ның ресми сайтында: "Эмоционалды жану – бұл жұмыс орнындағы созылмалы стресстің нәтижесі ретінде қалыптасқан және сәтті еңсерілмеген синдром. Ол келесі көрсеткіштермен сипатталады: энергияны жоғалту және сарқылу сезімі, жұмыстан психологиялық алшақтау, жұмысқа деген негативизм сезімі, сондай-ақ кәсіби тиімділіктің төмендеуі. "Эмоционалды жану" дәл кәсіби контекстегі құбылыстарға қатысты және өмірдің басқа салаларында болған оқиғаларды сипаттау үшін қолданылмауы керек", - деген ақпарат келтірілген [1].

Бұл ресми мәлімет кәсіби салаға тән эмоционалды жану феноменінің өткірлігін негіздей түсті.

Ғылыми әдебиетте де қызметкерлердің, оның ішінде, ең алдымен, "коммуникативтік" және "әлеуметтік" сала өкілдерінің эмоционалды жануы мәселесін талқылау кеңінен таралуда. Кәсіптердің аталмыш санаттарында жұмыс істейтін қызметкерлердің эмоционалды жану синдромына өте бейім келетіндігі таңқаларлық жайт емес, себебі мұнда кәсіби іс-әрекет құралы болып тікелей маманның жеке басы, оның мінезінің қасиеттері, қабілеттері табылады. Сонымен қатар, Е.А. Климовтың терминологиясы бойынша, "көмекші мамандықтар" қызметінің шарттары жоғары моральдық жауапкершілікпен тығыз байланысты [2].

"Көмекші мамандықтардың" ішінде стрессогендік факторлар басым келетін салалардың бірі – білім беру саласы. Оның ішінде мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы педагогтардың қызметі функционалдық міндеттерінің мазмұны, жауапкершілігі, тұлғааралық өзара әрекеттесудің тереңдігі мен ұзақтығы бойынша басқа педагогикалық мамандықтардан айтарлықтай ерекшеленеді.

М.В. Гамезо, Е.А. Петрова, Л.М. Орлова мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы қызметтің негізгі сипаттамаларының біріне педагогикалық қарым-қатынастың ерекше формалары мен әдістерін талап ететін және сонымен бірге тәрбиешінің қажуына патогендік негіз болатын балалардың жасын жатқызады [3].

Яғни, тәрбиеші-педагогқа баланың денсаулығы, дамуы және жеке басының қалыптасуы үшін артылған үлкен жауапкершілік эмоционалды жанудың пайда болу қаупін жоғарылатады.

Жалпы, эмоционалды жану – бұл кезеңдермен қалыптасатын динамикалық процесс, В.В. Бойко оның үш фазасын бөліп көрсетеді:

1) жүйке кернеуі – оны созылмалы психоэмоционалды атмосфера, тұрақсыз жағдай, жоғары жауапкершілік, контингенттің қиындығы тудырады;

2) резистенция, яғни қарсылық – адам өзін жағымсыз әсерлерден мейлінше қорғауға тырысады;

3) сарқылу – психикалық ресурстардың азаюы, эмоционалды тонустың төмендеуі, бұл көрсетілген қарсылықтың тиімсіз болуына байланысты [4].

Тиісінше, әр кезеңде өршіп келе жатқан эмоционалды жану синдромының белгілері айқын көрінеді. Осылайша, бірінші дәрежелі жануға ұшыраған адам релаксация немесе жұмыстағы үзілісті ұйымдастыру арқылы өзін-өзі күтудің қысқа мерзімді белгілерін көрсетеді.

Жанудың екінші кезеңінде белгілер жиі көрінеді, ұзаққа созылады және оны түзету қиынға соғады. Кәсіби маман жақсы ұйқыдан кейін, тіпті демалыс күндерінен кейін де шаршауы мүмкін. В.Е. Орел жұмыстағы үзілістер оң нәтиже беретінін және жану деңгейін төмендететінін, алайда бұл әсердің уақытша екенін атап көрсетеді. Зерттеушінің пікірінше, жану деңгейі жұмысқа оралғаннан үш күннен кейін қайта көтеріліп, үш аптадан кейін толық қалпына келеді [5].

Жанудың үшінші кезеңінің белгілері созылмалы болып келеді. Өзіне күтім жасау әрекеттері, әдетте, нәтиже көрсетпейді және кәсіби көмек тез әсер бермеуі мүмкін. Кәсіби маман өз жұмысының, кәсібінің және өмірінің құндылығына күмән келтіруі мүмкін.

Эмоционалды жану синдромының аталмыш белгілері тәрбиеші-педагог өмірінің әр түрлі салаларында көрініс беретін негативті салдарға әкелуі мүмкін:

- тұлғааралық қарым-қатынаста: атап айтқанда, әріптестермен, әкімшілікпен, тәрбиеленушілермен, ата-аналармен, тіпті өз отбасымен қақтығыстардан, ашуланшақтық пен эмоционалды сарқылудан байқалады;

- балаларға, жалпы жұмысқа, ұжымға, жеке өзіне қатысты жағымсыз көзқарастардан көрінеді, бұл қызметкерлердің жұмыс өнімділігінің төмендеуіне алып келеді;

- психофизиологиялық салдар психосоматиканың бұзылуынан көрініс табады, олар бас ауруы түрінде де, ұйқысыздық түрінде де көрінуі мүмкін;

- мінез-құлықтық салдар бір қызметкер деңгейінде де, бүкіл мекеме деңгейінде де көрінуі мүмкін: педагог мінез-құлықтың конструктивті емес үлгілерін таңдайды, осылайша айналасындағы шиеленісті арттырады, нәтижесінде жұмыс сапасы мен тұлғааралық өзара әрекеттесудің төмендеуі байқалып, психоактивті заттарды қолдану қажеттілігі туындауы мүмкін.

К. Чернисс жану синдромынан тек жекелеген адамдар ғана емес, ұйымдар да зардап шегетінін айтады. Оның пікірінше, жану синдромы өте жұқпалы, қызметкерлер арасында тез таралуы мүмкін, сондай-ақ келесі негативті салдарға алып келеді:

- кадрлардың жоғары деңгейдегі тұрақсыздығы;
- қызметкерлердің жұмысқа белсендірілуінің төмендеуі;
- антагонистік топтық процесс пен жұптық топтардың болуы;
- басшылыққа ашулану, дәрменсіздік пен үмітсіздік түрінде көрінетін тәуелділік күйінің қалыптасуы;

- қызметкерлерге сыни көзқарастың пайда болуы;
- қызметкерлер арасында ынтымақтастықтың болмауы;
- бастаманың үдемелі құлдырауы;
- жұмысқа қанағаттанбау сезімінің өсуі [6].

Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы тәрбиеші-педагогтардың эмоционалды жануы педагогикалық ұжымдағы психологиялық жайлылыққа және тәрбиелеу процесінің тиімділігіне ғана емес, сондай-ақ, ең маңыздысы, тәрбиеленушілердің жалпы денсаулығына теріс әсер етеді.

Кейінгі жылдары еліміздің балабақшаларындағы тәрбиеленушілерге педагогтардың тарапынан физикалық және психологиялық қысым көрсетуге байланысты жан түршігерлік оқиғалар жаңалық порталдарында жиі кездесіп жүр. Тәрбиеші-педагогтардың бұл агрессивті әрекеттері тұлға ретінде енді қалыптасып келе жатқан баланың психикасында ақау тудырмай қоймайды. Себебі, бір жастан үш жасқа дейінгі шақ баланың психологиялық денсаулығының болашағын анықтайтын маңызды кезең болып саналады.

Тәрбиеші-педагогтардың психологиялық денсаулығы – балалар денсаулығының қажетті шарты. Тәрбиеленушілердің эмоционалдық әл-ауқаты мен психикалық дамуы педагогтардың эмоционалдық беріктігіне, сондай-ақ олардың қарым-қатынастағы құзыреттілігіне байланысты. Эмоционалды тұрғыдан жетілген тұлға ғана педагогикалық іс-әрекетте кездесетін қиындықтарды жеңе алады. Сондықтан педагог жеке тұлға ретінде деградацияға ұшырап, қоршаған ортасына залалын тигізбес үшін психологиялық тұрғыдан өзін-өзі жетілдіруі тиіс. Ол үшін мектепке дейінгі білім беру ұйымы тарапынан тәрбиеші-педагогтарға ағзадағы эмоционалды резервтерді сақтауға қажетті қасиеттер мен дағдыларды дамытуға бағытталған әлеуметтік-психологиялық көмек ұйымдастырылуы керек.

Ең бірінші кезекте, мәселенің ауыр салдарын түзету мәжбүрлігі туындамас үшін мектепке дейінгі білім беру ұйымдары педагогтарының психологиялық денсаулығын сақтау және олардың эмоционалды жануға ұшырауының алдын алу бойынша шаралар кешенін құру қажет. Ең дұрысы, бұл шаралар болашақ педагогтарды даярлау сатысында, яғни университет қабырғасында жүзеге асырылуы тиіс.

Н.И. Андреева, егер алдын-алу бойынша жүйелі жұмыс жүргізілмесе, болашақ педагогтар үшін эмоционалды жану синдромы университеттегі оқу кезеңінде-ақ қалыптаса бастайды деп болжайды [7].

Сондықтан оқу бағдарламасына мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының болашақ тәрбиеші-педагогтары үшін эмоционалды интеллекті мен психологиялық мәдениетті жетілдіруге бағытталған арнайы пән енгізілуі тиіс. Себебі педагогтың кәсіби шеберлігінің ажырамас бөлігі – эмоционалды интеллект. Тәрбиеші-педагогтың негізгі міндеті – балалардың физиологиялық қажеттіліктерін өтеу немесе тәрбиелеу процесін ұйымдастыру ғана емес, ең алдымен, кішкентай тәрбиеленушілермен диалог құра білу. Сондай-ақ болашақ мамандар стресстік жағдайларға толы педагогикалық қызметке дайын болуы керек.

Қорытындылай келе, эмоционалды жану синдромына ұшыраған тәрбиеші-педагогтардың деструктивті әрекеттері өскелең ұрпақтың санасында жағымсыз іздің қалуына әкеліп соғатынын және жалпы мектепке дейінгі білім беру ұйымының ортақ дертіне ұласу мүмкіндігін айтуға болады. Яғни бұл мәселе тұлғалық қана емес, қоғамдық деңгейде өз шешімін табуы тиіс.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. <https://icd.who.int/browse11/l-m/en#/http://id.who.int/icd/entity/129180281>
2. Эннс Е. А. Психологическая характеристика помогающих профессий / Е. А. Эннс. — Текст : непосредственный // Современная психология : материалы I Междунар. науч. конф. (г. Пермь, июнь 2012 г.). — Пермь : Меркурий, 2012, С. 92-93.
3. Гамезо М.В., Петрова Е.А., Орлова Л.М. Возрастная и педагогическая психология: Учебное пособие для студентов всех специальностей педагогических вузов. – М.: Педагогическое общество России, 2003, 512 с.
4. Водопьянова Н.Е. Синдром выгорания. Диагностика и профилактика /Н.Е.Водопьянова, Е.С.Страченкова. – 2-е изд., перераб. и доп. – Санкт-Петербург: Питер, 2008. - 336с.
5. Орел В.Е. Феномен "выгорания" в зарубежной психологии: эмпирические исследования // В.Е. Орел - Журнал практической психологии и психоанализа, №1/Т. 1, 2001. - С. 90-101.
6. Чернисс К. Профессиональное выгорание: беспокойство за работников и боссов растёт // Психологический журнал, № 3, 2002, С. 85–95.
7. Интенсификация творческой деятельности студентов / Под ред. В.И. Андреева, Т. Мельхорн. Казань: Изд-во ун-та, 1990. - 197с.